

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми Кеңес мәжілісінде
Бекітілді
Факультет деканы

_____ Б.Б. Мейірбаев
№ 12 хаттама 26.06.2025 ж.

«6B03101 – Әлеуметтану» 2 курс студенттеріне арналған
«Әлеуметтанудағы өлшем теориясы» пәні бойынша
ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ
5 кредит, 2 курс, қазақ бөлімі, күзгі семестр

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын жасаған әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессор-ассистенті Мамытканов Д.Қ.

Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

Хаттама №11 « 16__» 06 2025 ж.,

Кафедра меңгерушісі _____ Әбдірайымова Г.С.

Kіріспе

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – жазбаша (offline). Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және СӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Емтиханға дайындық барысында курстың негізгі теориялық мазмұнын, терминология мен әдістерді де қайталау қажет. Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында студент емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәкес, жазбаша жауып береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында offline режимінде өтеді.

«Әлеуметтанудағы өлшем теориясы» курсының негізгі мақсаты – студенттерге әлеуметтік құбылыстар мен үдерістерді сандық тұрғыда зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін меңгерту. Пән әлеуметтік ұғымдарды операцияландыру, индикаторлар мен көрсеткіштер жүйесін құру, өлшеудің сенімділігі мен валидтілігін қамтамасыз ету әдістерін үйретуді көздейді.

Пәнді меңгергеннен кейін студенттер:

- Әлеуметтанудағы өлшем ұғымының мәнін және оның ғылыми зерттеудегі орнын түсінеді;
- Негізгі өлшеу түрлерін (номиналды, реттік, интервалдық, қатынастық шкалалар) ажырата алады;
- Әлеуметтік индикаторлар мен көрсеткіштер жүйесін құру қағидаттарын түсінеді.
- Әлеуметтік айнымалыларды операцияландыру және өлшеу шкалаларын құру дағдыларын меңгереді;
- Өлшеудің **сенімділік (reliability)** және **валидтілік (validity)** көрсеткіштерін бағалай алады;
- Өлшеу нәтижелерін талдау және интерпретациялау әдістерін қолдана алады.
- Әлеуметтік сауалнамалар мен тестілердің өлшем құралдарын әзірлей алады;
- Сандық деректермен жұмыс істеп, SPSS, Excel сияқты бағдарламалар арқылы өлшеу нәтижелерін өңдей алады;
- Зерттеу дизайнында өлшеу жүйесін сауатты қолданады.
- Ғылыми зерттеу барысында өлшеу сапасын бағалау мен жетілдірудің маңызын түсінеді;
- Өз бетінше өлшеу құралдарын құрастырып, алынған деректерді интерпретациялау қабілетін дамытады;
- Әлеуметтанулық талдауларда дәлдік пен объективтілік қағидаларын ұстанады.

Емтиханды өткізу формасы

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді. Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады.

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – жазбаша.

Емтиханды тапсыру үшін емтихандық тақырыптар тізімі

1. Әлеуметтанудағы өлшем теориясының түсініктемелік аппараты
2. Әлеуметтанулық айнымалылар, шкалалар қасиеттерінің классификациясы
3. Өлшеу процедуралары
4. Түсініктерді теориялық және эмпирикалық операционализациялау
5. Әлеуметтанулық өлшеудің дәйектілігі
6. Код түсінігі. Кодтау типтері
7. Рангілеу түрлері: тікелей, жанама және күрделі
8. Ақпараттарды жинаудың сандық және сапалық әдістері
9. Шкаланың алу техникасын сипаты
10. Терстоун шкаласы
11. Жұптық салыстыру әдісі
12. Гуттмантың шкалограмды талдауы
13. Лайкерт әдісі бойынша өлшеу
14. Өлшемнің сипаттамалық, репрезентативті, формалды теориясы. Өлшемнің логикалық сызбасы
15. Эмпирикалық ақпараттар түрлері. Мемлекеттік статистика, оның әлеуметтанудағы алатын орны

Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі :

- Поведение в сфере здоровья: теоретико-методические проблемы социологического измерения (Чиркова А.В., 2024) — «Социологическое измерение» саласындағы теория-методологиялық мәселелерге арналған. [Журнал СКС](#)
- Математическая логика, теория измерений и социологическое “мышление признаками” (Толстова Ю.Н., 2024) — өлшем теориясы мен математикалық логика қатынасы қарастырылған. [Социология 4М](#)
- Is reliable sociological measurement of social well-being possible? The case of Ghana (Троцюк И.В. & Анамоа-Роккоо S., 2024) — әлеуметтенудің «өлшенетін» сапасын талдайтын эмпирикалық зерттеу. [Ogarev-online](#)
- Возможности повышения дробности градаций шкалы идентификации с социальной группой (Михайлова Л.В., 2024) — журнал «Социология:4М», өлшем шкалалары тақырыбында.

Қосымша :

1. Татарова Г.Г. Методология анализа данных в социологии. Индексы при сборе и анализе данных. — М.: NOTA BENE // http://polbu.ru/tatarova_sociology/
2. Ядов В.А. Стратегия социологического исследования: описание, объяснение, понимание социальной реальности. - М., 2011, «Добросвет» - 560 с.
3. Толстова Ю.Н. Измерение в социологии. М.: КДУ, 2017. — 320 с.
4. Давыдов А.А. Математическая социология: обзор зарубежного опыта // Социологические исследования, № 4, Апрель 2008. - С. 105-111

Интернет-ресурсы:

1. <http://www.worldvaluessurvey.org/wvs.jsp>

Ережеге №1 қосымша

Қорытынды баллды есептеу үлгісі мен мысалы

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

(стандартты ауызша / жазбаша және тестілеуден басқа барлық нысандар үшін)

№	Сұрақ	Критерийі	Бал	Өте жақсы (90–100%)	Жақсы (70–89%)	Қанағаттанарлық (50–69%)	Қанағаттанарлықсыз (25–49%)	Өте төмен (0–24%)
1	1-сұрақ	1-критерийі – Мазмұн тереңдігі	15	Теория толық ашылған,	Негізгі теория дұрыс	Тек негізгі ұғымдар айтылған,	Жауап жүйесіз, мазмұн әлсіз	Жауап жоқ немесе мүлде қате

№	Сұрақ	Критерийі	Балл	Өте жақсы (90–100%)	Жақсы (70–89%)	Қанағаттанарлық (50–69%)	Қанағаттанарлықсыз (25–49%)	Өте төмен (0–24%)
				негізгі ұғымдар дәл әрі ғылыми негізделген	берілген, кейбір аспектілері толық емес	түсіндіру үстірт		
		2-критерийі – Талдау және аргументация	15	Мысалдармен дәлелдер келтірілген, салыстырулар жасалған	Аргумент бар, бірақ толық емес	Аргумент әлсіз, мысал аз	Аргументация жоқ	Қате немесе мүлдем жауап жоқ
2	2-сұрақ	1-критерийі – Теорияны қолдану	15	Өлшем теориясы нақты жағдайда дұрыс қолданылған	Қолдану бар, бірақ толық ашылмаған	Қолдану үстірт, дәлелсіз	Қате немесе әлсіз қолданылған	Мүлдем қолданылмаған
		2-критерийі – Құрылым және жүйелілік	15	Жауап логикалық, құрылымы айқын	Құрылым сақталған, бірақ кей тұста әлсіз	Құрылым толық емес	Жүйесіз баяндау	Жауап жоқ
3	3-сұрақ	1-критерийі – Шығармашылық ой, интерпретация	20	Жаңа идеялар, өзіндік көзқарас бар, сын тұрғысынан талдау жасалған	Өз ойы берілген, бірақ толық емес	Көзқарасы әлсіз, негізсіз	Шығармашылық элементтер жоқ	Мүлде жоқ
		2-критерийі – Әдебиеттер мен дереккөздерді пайдалану	20	Әдебиеттер толық, дұрыс рәсімделген	Әдебиеттер бар, бірақ рәсімдеуінде қате бар	Әдебиеттер аз, дұрыс рәсімделмеген		

Қорытынды бағаны есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ҚБ) = (%1+%2+%3+%4+%5+%6 т.б.) / К, мұнда % – критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі,

К – критерийлердің жалпы саны.

Қорытынды баллды есептеу мысалы

№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	Критерийлер	90-100%	70-89%	50-69%	25-49%	0-24%

1.	1 Критерий	100				
2.	2 Критерий		75			
3.	3 Критерий			60		
4.	4 Критерий				45	
5.	5 Критерий	100				
6.	6 Критерий				49	
	Қорытынды %	200	75	60	94	$200 + 75 + 60 + 94 = 429$ $429 / 6 \text{ критерийлер} = 71,5$ Қорытынды балл в % = 72

Есептеу кезінде алынған пайызға сүйене отырып, біз бағаны бағалау шкаласымен салыстыра аламыз.

72 балл 70 балдан 89 балға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес «**Жақсы**» санатына сәйкес келеді. Осылайша, осы есептеуде жоба дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ге ауыстыра отырып, білім алушылардың

оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес «**Жақсы**», **72 балға** бағаланатын болады.

Декан

Мейрбаев Б.Б

Кафедра меңгерушісі

Абдирайымова Г.С.

Дәріскер

Мамтықанов Д.Қ.